

Күршім ауданының Оң жақ Қалжыр ауылына ветеринариялық режим белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 28 желтоқсандағы N 1450 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Күршім аудандық әділет басқармасында 2010 жылғы 06 қаңтарда N 5-14-101 тіркелді. Күші жойылды - Күршім ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 08 желтоқсандағы N 1843 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Күршім ауданы әкімдігінің 2010.12.08 N 1843 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» № 339 Заңының 10 бабының 2 тармағының 9) тармақшасының және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» № 148 Заңының 31 бабының 1 тармағының 18) тармақшасының негізінде, Күршім ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қалжыр ауылдық округінің Оң жақ Қалжыр ауылында ұсақ малдың сарып ауруына байланысты шектеу іс-шараларын енгізе отырып ветеринариялық режим белгіленсін.

2. Аудандық аумақтық ауыл шаруашылық инспекциясына (Н. Екібасов) (келісімі бойынша), аудандық санитарлық эпидемиологиялық қадағалау басқармасына (Қ. Төлеуғазин) (келісімі бойынша) жеке және заңды тұлғалармен орындауға міндетті ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру ұсынылсын.

3. Қалжыр ауылдық округінің әкіміне (Ә. Көшкіншінов) шектеу белгіленген аумақтан немесе аумаққа ауыл шаруашылығы жануарларын әкелу және осы аймақтан алып кету, ауыл шаруашылығы жануарлары өнімдерін, шикізаттарын дайындау және пайдалану, еңбекті ұйымдастыру және басқа да әкімшілік шаруашылық шараларды Қазақстан Республикасы ветеринария саласындағы заңнамаларды сақтай отырып жүргізу тапсырылсын.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Д.Ә. Әлхановқа жүктелсін.

5. Қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Күршім ауданының әкімі

А. Сеитов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК